

Балқаш қалалық мәслихатының 2018 жылғы 30 наурыздағы № 18/159 "Сот шешімімен коммуналдық меншікке түскен деп танылған иесіз қалдықтарды басқару қағидаларын бекіту туралы" шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Қарағанды облысы Балқаш қалалық мәслихатының 2021 жылғы 27 қазандағы № 8/62 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 8 қарашада № 25045 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27 бабына сәйкес, Балқаш қаласының мәслихаты ШЕШТІ:

1. Балқаш қалалық мәслихатының "Сот шешімімен коммуналдық меншікке түскен деп танылған иесіз қалдықтарды басқару қағидаларын бекіту туралы" 2018 жылғы 30 наурыздағы № 18/159 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4719 болып тіркелген) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қалалық мәслихат хатшысы

К. Тейлянов